

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ҮРДІСІНДЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Берікханова Айман

Қазіргі кәсіптік білім беру саласында адами фактор және жас мамандарды әлеуметтік-гуманитарлық бағытта тәрбиелеу мәселелері өзекті орын алуда. Себебі, болашақ маман тұлғасының жоғарғы кәсіптік білім, білік, дағдылары мен қатар олардың гуманистік бағыттылығы, адамгершілік қадір-қасиеттері қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынаста өздерін іске асыра алуларының негізгі болып табылады.

Келешекке кемелденген, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда жоғарғы оқу орындарындағы оқытылатын әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың атқаратын ролі өте жоғары. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар арқылы студенттердің жалпы дүниетанымдары кеңейіп, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өмірлік көзқарастары қалыптасады. Әрине, бұл процессті ұйымдастыруда оқыту үрдісінде қолданылатын оқыту әдістерінің тиімді және әсерлі болуы маңызды. Сондықтан, кәсіптік білім беру саласында жастарды мамандандыру барысында білім сапасын жоғарлату мақсатында жылдан-жылға оқыту-тәрбиелеу процесстерінің жаңа әдіс-тәсілдері іздестірілуде.

Жаңа оқыту әдістері қазіргі психологиялық-педагогикалық теорияларға негізделіп, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, жетілуіне ерекше әсер ететіні анық. Оқыту-тәрбиелеу процестеріндегі тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік, аксиологиялық, құзіреттілік бағыттары әр тұлғаның әлеуметтенуіне, қазіргі өзгермелі заманда өзін-өздері дамыта алуларына көп ықпал етеді.

Мақаланың басты мақсаты – білім беру мекемелеріндегі оқыту әдістерінің әлеуметтік-гуманитарлық негіздерін анықтау, олардың тұлға дамуындағы маңыздылығын ашып көрсету болып табылады.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда «әдіс» ұғымы – бір нәрсеге жетудің жолы деген мағынада қарастырылады. Әдістің негізгі қызметі – іс-әрекетті реттеу және бағдарлау. Ал педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда *оқыту әдістері* – педагогикалық үрдіске қатысушылардың бірлескен әрекеттерін ұйымдастырудың тәсілдер жиынтығы.

Педагогикалық салада әдіс-тәсілдер білім беру мекемелеріндегі тұтас педагогикалық үрдістің қозғаушы механизмдері ретінде қарастырылады. Сондықтан, «оқыту әдістері», «тәрбие әдістері» деген ұғымдар педагогика ғылымының ең маңызды тақырыптарының бірі. Бұл екі ұғымды ажыратып қарастыруға болмайды. Аталып отырған екі процесс бірі бірінсіз жүргізілуі мүмкін емес. Оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту, және сол арқылы болашақ маман тұлғасын жан-жақты дамытып қалыптастыру кез келген ұстаздың тікелей міндеттері.

Әдістер арқылы мұғалім студенттердің санасына әсер етіп, іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Психологиялық тұрғыдан қарастырсақ, адам санасы іс-әрекет арқылы ғана қалыптасатыны белгілі. Іс-әрекетте болмаған нәрсе адам санасында да қалыптаспайды. Бұл идея 1920-1930 жылдардан бастап атақты психологтар Л.С.Выготский, К.Коффк, Ж.Пиаже еңбектерінде зерттелген. Олар

білім алушының танымдық процесстегі белсенділігін оқыту-тәрбиелеу әдістерін түрлендіру арқылы арттыруға көп көңіл бөліп, осы бағытта ұстаздардың педагогикалық шеберліктеріне, білім алушылардың танымдық процесстерін басқара алуларын, дұрыс ұйымдастыра алуларын өзекті мәселе ретінде талқылайды.

Бұл ғалымдардың зерттеуінше мектеп пен жоғарғы оқу орындарында білім тым ғылыми-теориялық тұрғыдан беріліп практикалық тәжірибеден алшақтап кеткені байқалады. Оқушылардың білімдерінің таяздығы да соған байланысты болуы мүмкін. Көбінесе, тәжірибе жүзінде оқушылардың саналы терең меңгерген білімдері емес, автоматты, үстіртін механикалық түрде жаттанды білімдері ғана бағаланады. Сонда оқушылардың шынайы білімдері емес, олардың есте сақтау қабілеттері бағаланатыны орын алуда.

Осындай оқыту процесінде шоғырланып қалған күрделі мәселелерді шешу үшін білім алушыға тікелей әсерін тигізетін оқыту әдістерін қайта қарастыру, олардың ішінде тұлға әрекетін белсендендіретін, білімге деген ынталарын жандандыратын әдістерді таңдай білу қажет.

Оқыту-тәрбиелеу әдістерін таңдау әр мұғалім үшін маңызды іс. Ал, оқыту әдістерін дұрыс таңдау үшін ең алдымен олардың ерекшеліктерін, тиімділіктерін, қанша уақытты қажет ететіндерін білу керек. Өкінішке орай оқыту үрдісінде бұрыннан қалыптасып қалған, тек мұғалінің белсенділігін ғана арттыратын, ал алушыларды объект ретінде қабылдайтын көзқарастардың орнығып қалғаны байқалады. Қазіргі жаңа заман талабына сай қажетті оқыту әдістері білім алушыны субъектілік позицияда қабылдап, оның дербес ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Осыған байланысты тек болашақ мамандарды ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың өздері жаңа әдістерді пайдаланып сабақ өтсе онда студенттер де ертең практикалық жұмыстарында сондай әдістерді пайдалана алатын болады.

Кез келген студент субъектілік позицияға ие болуы үшін өздігінен ойлап, өзіндік көзқарастарын еркін ортаға салып, көпшілікпен бөлісіп, өз пікірін дәлелдеп қорғай алатындай жағдайға жетулері керек. Ал, жеке тұлға өз бетінше белсенді оқу-танымдық іс-әрекетке қатысуы үшін ең алдымен оның сыни тұрғысынан ойлай алуын дамыту маңызды. Себебі күштеп оқытуға болмайды, тек білім алушының ынтасын оятып қана оның өз бетінше уйренуіне ықпал жасауға болады. Осыған байланысты мынандай мақал орынды: «Атты суатқа жетектеп әкелуге болады, бірақ оны күштеп су ішкізу мүмкін емес». Яғни студенттердің де білімге деген құштарлықтарын, ынта-ықыластарын оята білу керек.

Сыни тұрғысынан ойлауды *оқыту және жазу арқылы* дамыту идеяларын негіздеген К.Мереди, Ч.Темпл, К.Уолтер, т.б. зерттеушілер болған. Олардың пікірінше сыни тұрғысынан ойлау логикалық, өз тәжірибесіне негізделген, түрлі фактілер арқылы дәлелденетін, рефлексивтік-бағалап ойлау түрі.

Сыни тұрғысынан ойлауды Дэвид Клустер былайша түсіндіреді: Өз бетінше ойлай алу, яғни ойлау процессінде жекелік сипаттың болуы керек. Біз үшін ешкім сыни тұрғыдан ойлай алмайды. Біз тек өзіміз үшін ғана сыни тұрғыдан ойлана аламыз.

1)Кез келген ақпарат сыни тұрғысынан ойлаудың соңғы емес бастапқы сатысы. Себебі, ақпарат болмаса ойлауға да негіз жоқ.

2)Сыни тұрғысынан ойлау сұрақтар қоюдан, проблемаларды анықтаудан басталады. Осындай мәселелерді шешу барысында оқушы шыныменен терең ойланады.

3)Сыни тұрғысынан ойлау аргументтерді, дәлелдерді, фактілерді, статистикалық мәліметтерді, эксперимент нәтижелерін қатыстыруды қажет етеді.

4)Сыни тұрғысынан ойлау үнемі әлеуметтік сипатта болады. Кез- келген ой басқалармен бөліскенде шындала түседі. Сондықтан бұл идеяны қолдану барысында оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік жасалу керек.

Кез-келген сабақ мұғалімнің монологына айналып кетпеуі керек. Ол кітаптағы ақпаратты ауызша тасымалдаушы аппарат емес. Сол үшін ашық талқылау, диалог, полилог болуы қажет. Ал оқушылар мектеп жасынан пассивті тындау, және конспектілеуге, дайынды көшіруге бейімделіп алады екен. Сондай жұмыссыздыққа бейімделушілік кейбір студенттерде де байқалады. В.А.Сухомлинский айтқандай *«Партадағы жұмыссыздық, күн сайынғы жұмыссыздық, айлар мен жылдарға ұласқан жұмыссыздық – міне бұл аса қатерлі қауіп. Ол адамды аздырады, моральдық тұрғыдан мүгедек етеді; ең маңызды саладағы, адам еңбекқор болуға тиісті ой-сана саласындағы олқылықтың орнын ештеңе де – мектеп бригадасы да, мектеп учаскесі де, шеберханада толықтыра алмайды.*

Ал, психологтар дәлелдегендей адам естігенінің 10 пайызын ғана, көргенінің 50 пайызын, ал өзі істегенінің 90 пайызын жақсы есте сақтайды екен. Сондықтан кейбір студенттердің ережелерді түсінбей жаттап алғандарын білім деуге бола ма? Біз сонда олардың жаттау қабілеттеріне баға қоямыз ба, әлде біліміне баға қоямыз ба?

Міне, сондықтан әр студентті сыни тұрғысынан ойлауға үйрету- өте маңызды. Егер студент әр-бір айтқан жауаптарын негіздеп, дәлелдеп, мысалдармен бекіте алса ғана ол нағыз білім болып есептеледі.

Оқыту және жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту идеясын сабақ барысында қолданғанда үш негізгі кезеңді ұстану қажет:

Ынталандыру кезеңі. Бұл кезеңде студенттердің бір тақырып бойынша қызығушылықтарын ояту, сол тақырыптың өзектілігі мен көкейкестілігін негіздеу, олардың білетіндері мен білмейтіндері арасындағы қарама-қайшылықты айқындау орын алады.

Ой қозғау кезеңі. Ой қозғау кезеңінде студенттер өз беттерінше, немесе шағын топтарға бөлініп белсенді ой еңбегімен айналысады. Бұл кезеңде олар бар білетін нәрселерін ортаға салып сабақта туындаған қарама-қайшылықтарды шешуге тырысады, ізденіс жұмыстарымен айналысады, тақырыптың мазмұнын толық жан-жақты ашуға талпынады. Ал оқытушы тек кеңесші, бағыттаушы ролін атқарып, түрлі белсендендіру әдістерін ұйымдастырады.

Рефлексия кезеңі. «Рефлексия» - деген сөз өзін-өзі бағалау деген мағынаны білдіреді. Бұл кезеңде студенттер қаншалықты тақырыпты меңгергендерін анықтап, өз іс-әрекеттеріне талдау жасайды, кері байланыс сұрақтарына жауап береді, шағын эсселер жазады.

Сабақтың осындай құрылымы психологиялық тұрғыдан адам қабылдауының деңгейлеріне сай ойластырылған. Кез келген процессті әр-түрлі ойластырып ұйымдастыруға болады. Әр-түрлі әдістерді қолдануына байланысты мұғалім іс-әрекетінің нәтижесі де түрлі көрініс береді.

Кез келген білімді маңызды ақпаратпен салыстыруға болады. Ал ақпараттар оқу арқылы қабылданып, жазу арқылы есте сақталады. Сондықтан бұл қарастырып отырған оқыту әдістерінде оқу және жазу процесстерінің түрлі тәсілдері қамтылады. Мәтінмен жұмыс істей отырып студент өзінің қаншалықты түсініп отырғанын бақылайды, оған сырттан ешкім ықпал бермейді, және танымдық мақсатқа өз бетінше жетуге тырысады. Француз жазушысы Д.Дидро айтқандай «Адамдар оқуларын тоқтатқанда, ойлаулары да тоқтайды». Оқу үрдісінде ақпараттар түрлі тәсілдермен талданып, мазмұны бойынша маңызды жақтары іріктелуі қажет.

Студенттердің сыни тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуда көптеген стратегиялық әдіс-тәсілдер қолданылады. Олардың саны жыл сайын көбеюде. Сабақта түрлі стратегияларды қолдану, басқа стратегиялардың пайда болуына әкеліп соғады. Мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде тәжірибеде кең қолданысқа ие болған және аса тиімді нәтижеге жеткізетін сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының бірнеше стратегияларын мысал ретінде ұсынуға болады.

INSERT стратегиясы (interaktiv notig system for reading and thinking) - Түртіп жазу идеялары. Мәтінді оқығанда 4 түсті маркер немесе қарындаш қолданылады. Әр түстің өзіндік шартты белгісі бар. Мысалы, қызыл түс – ең маңызды ақпарат. Көк түс – онша қажет емес ақпараттар болса, онда студент осы белгілерді қою үшін де мәтінді талдап оқиды, ойланып, түсініп оқуға тырысады. Яғни оқу процессінде белсенділік байқатады. Студент берілген мәтінге сын көзбен қарап саралайды. Ол мәтінмен жұмыс істеуге үйренеді. Мәтінге бірнеше түстермен белгілер қойып шығудың өзі оларды ақпарат мазмұны бойынша оны әр-түрлі деңгейге бөле алуға үйретеді.

«Жолақтағы белгілер» стратегиясы «+, -, !, ?». Студенттерге сабақ материалы қысқартылып жазылған мәтін ретінде таратылады. Мәтін мазмұнымен танысып олар жолақтарға 4 түрлі белгілер қойып шығулары талап етіледі.

«+» - таныс ақпарат,

«-» - таныс емес ақпарат,

«!» – қызықты жаңалық,

«?» – білгіңіз келетін ақпарат.

Соңында әр студент өзі белгілеген белгілерді талдап негіздеп береді, білім деңгейлері анықталады,

«Сұхбат» стратегиясы. Бір тақырып бойынша студенттерге арнайы алдын-ала ойластырылған сұрақтар тізбегі құрастырылып, қойылады. Сонда олардың кітаптағы жаттанды жауаптары емес өз ойларын айтқызу, білімдерін практикалық іс-әрекеттермен байланыстыра алу қабілеттерін дамыту көзделеді.

«Ұжымдық жұмыс» Стратегия. Студенттер тобы шағын топтарға бөлінеді. Олар топпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйренулері керек, өзара көмек көрсетіп, білімдерін ұштауға бұл жағымды, гуманистік жағдай. Топтар

арасында жарыс, бәсекелестік атмосферасы туындап, олар білімдерін сынауға үйренеді. Ал мұғалімнің ролі тек бақылаушы, бағдар беруші, кеңес беруші.

Көптеген жас мұғалімдер артық шу, орнығып қалған тәртіп бұзылуы мүмкін деген оймен білім алушыларды үйреншікті орындарынан қозғамағанды қалайды. Олай емес. Кез келген топты оңай-ақ өз қалауыңызша 3-4 топқа бөле салуға болады. Мысалы, 1,2,3,4-ке дейін санатып, 1-шілерді бірінші командаға, 2-шілерді екінші командаға т.с.б. бөліп шығуға болады.

«Бес жол өлең» стратегиясы. Бір тақырып түсіндіріліп болғаннан кейін мұғалім студенттерге төмендегідей тапсырмалар беруіне болады.

1. Жаңа тақырып бойынша ең маңызды зат есімді атаңыз.
2. Осы зат есімді сипаттайтын екі сын есім жазыңыз.
3. Осы зат есіммен жиі қолданылатын үш етістік жазыңыз.
4. Осы зат есімге байланысты жиі қолданылатын сөз тіркесін атаңыз.
5. Осы зат есімге келетін бір-екі синоним сөздер жазыңыз.

Әр студент өзінің шығарған «шумағын» оқып береді. Сонда басқалары тағы қосымша ақпарат алып үлгереді. Бұл нағыз шығармашылық жұмыс. Ешкім ешкімнен ештеңе көшірмейді, әркім өзіндік көзқарастарын ортаға салады.

«Ассоциация» стратегиясы. Тақырып бойынша мұғалім түйін сөзді тақтаға жазады. Осы сөзді естігенде балалардың ойларына не келеді, қандай ассоциациялары бар екенін сұрап оларды да тақтаға жазады.

Сонан кейін барлығы бірігіп бұл сөздерді топтастырады, және жаңа тақырыптың жоспарын құрайды. Диалог ретінде осы тақтада жазылған түйін сөздерді тақырыппен байланыстырып мұғалім түсініктемелер беріп толықтырып кетеді.

«Эссе» стратегиясы. Эссе – студенттің бір тақырып бойынша қысқаша ой-толғанысы, жүрек түбінде жатқан өз пікірлері, алған әсері. Жаңа тақырыпты түсінгеннен кейін қандай жаңа ойлар пайда болғаны, туындағаны жайлы жазбаша шағын шығармасы. Сонда әр студент шағын эссенің авторы болып шыға келеді. Әр автор өзінің эссесімен басқаларды таныстырады. Тыңдаушылар сұрақ қоюлары мүмкін.

«ДЖИГ СО» стратегиясы. Ұжымдық оқыту. Бұл стратегияның мақсаты – студенттерге шағын топта және топ алдында күрделі мәселені талдауға үйрету. Студенттерде сол мәселені зертеуге деген жауапкершілік пайда болады, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады. Сөйлеу шеберліктері қалыптасады. Көпшілікке түсіндіруге дағдыланады, ал тыңдаушылар дұрыс ойластырылған сұрақтар қоюға үйренеді.

1) Жаңа тақырып төрт параққа ықшамдалып жазылады. Топ 1,2,3,4,-ке саналып төрт топқа бөлінеді. Бұл жанұялық топ деп есептеледі. Әр топқа зерттеу үшін мәтіннің бір парағы беріледі.

2) Сонан кейін әр жанұялық топтан 1-ші номердегілер бірінші параққа, 2-ші номердегілер екінші параққа, 3-ші номердегілер – үшінші параққа, 4-ші номердегілер – төртінші парақ қасына жиналады да, зерттеу жымысы жалғасады.

Әр номердегілердің міндеті өздері түскен жұмыс тобында жақсылап тұрып тақырыптың сол беттегі бөлігін меңгеріп алу, және сол меңгергенін жанұялық

топқа қайтып оралып келгенде түсіндіріп беру. Осыған олар аса жауапты екенін мұғалім ескертіп отыруы тиіс.

3) Белгіленген уақыт өткеннен кейін мұғалімнің белгісі бойынша барлық номерлер өздерінің бастапқы жанұялық тобына оралады. Барлығы кезектесіп меңгеріп келгендерін бірі біріне баяндап береді.

4) Сонан соң әр топ бастап басқа топтарға нені меңгергендерін баяндайды. Бірінші топтағылар алдымен бастайды, себебі оларда мәтіннің бірінші сұрағы жазылған. Сөйтіп әр парақ талқыланады. Өзара оқыту процессі орын алады. Ең маңыздысы – сабақта сөйлемеген, қатыспаған студент болмайды.

Әр «жанұя» бірі біріне сұрақ қоюларына болады. Немесе маңызды 3 сұраққа жауап жазғызып алуына болады. Жазба жұмыстары жинастырылып бағаланады.

«Білемін, ұнады, білгім келеді» стратегиясы. Жаңа тақырып түсіндірілгеннен кейін әр студент үш сұраққа жауап жазады:

1. Не меңгердім?

2. Не ұнады?

3. Нені білгім келеді?

Әр студент не меңгергенін, өз іс-әрекетінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ой елегінен өткізеді. Студенттердің пікірлерін жинап алып мұғалім өз жұмысын талдайды, бағалайды.

«Аралас мәтіндер» стратегиясы. Әр топқа бір мәтіннің бөліктері беріледі. Әр топ өзіне берілген мәтінмен басқаларды таныстырып, барлығы бірігіп бөліктерді өз орындарына логикасы бойынша орналастырулары қажет.

«Мұғалімнің жасырын қателері» стратегиясы. Студенттерді ізденушілік жұмыстарға жұмылдыру үшін қолданылады. Бірінші кезеңде оқушыларға мәтіннің дұрыс варианттары таратылады. Студенттер мәтін мазмұнымен танысып болғаннан кейін, ол мәтіндер жинап алынып екінші қателері бар варианттары таратылады. Екінші вариантта мұғалімнің жіберген 7-8 қателерін 10 минут ішінде іздеп табулары керек. Мұғалімге баға қоюларына рұқсат беріледі. Студенттер өздерін мұғалімнің тексерушісі ретінде сезініп, оның қателерін тексеріп табуға тырысады.

Егер ұстаз неғұрлым көп стратегияларды меңгеріп және оларды дұрыс қолдана алса ондай жұмыс табысты да нәтижелі болады. Сонымен қатар мұғалімнің жұмысын жетілдіруде, оқушылардың білім сапасын жоғарлатады.

Әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. История развития высших психических функций // Собр.соч.: В 6 Т.-М.: 1982. – Т.1. – 488 с.
2. Гальперин П.Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. М.-1966.-277 с.
3. Философия и методы RWCT в действии. Под ред. С.Мирсеитовой. 2004. – 264 с.

Резюме

В данной статье раскрываются социально-гуманитарные основы методов обучения в профессиональной подготовке будущих специалистов. Обоснована значимость эффективных методов обучения в формировании личности будущего специалиста.

Resume

The article describes socially-humanitarian principles of methods of training in professional training of future specialists. It displays the importance of effective methods of training in formation of the person of the future specialists.

Özet

Makalede mesleki eğitimden geçecek elemanların hazırlanması ve bu elemanların gelecekte inisiyatif kullanabilen güçlü bir şahsiyetinin olması için yapılması gereken çalışmalar anlatılmaktadır.

...Әркім өз анасын сүю арқылы ғана өзге аналардың сатылмайтын сезімін қадірлейді, әркім өз ұлтының тілін, ділін сыйлау, сүю арқылы басқа ұлттардың тіліне, салт-санасына, өзге рухани құндылықтарына құрметпен қарай алады.

М. Шаханов
